



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

16.05.2025 № 40

Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы

Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жылғы 07 сәуірдегі № 587 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жазғы маусымның басталуына байланысты:

- оқушылардың жазғы лагерь кезінде (білім беру ұйымының ғимараты ауласындағы шұңқырлардың, ғимарат қоршауының, терезенің баспалдақ жақтауының, т.б. жерлердегі) қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алдын-алу шараларына сәйкес жоспарлы жұмыстар жүргізілсін;

- жаз мезгіліндегі лагерь кезінде (білім беру ұйымының ғимараты ауласындағы алаңдардағы футбол ойынының қақпасы, жүзу бассейіндегі барлық қауіпсіздік талаптары, баскетбол, волейбол алаңындағы сеткалардың орнатылуы, жүгіру алаңының жолағы, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп келтіретін жерлердің) қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алдын алу шараларына сәйкес жоспарлы жұмыстар жүргізілсін.

- жаз мезгіліндегі лагерь кезінде оқушылардың суға шомылу кезіндегі (өзен, тоғандар, арнайы белгі қойылмаған жерлерде, рұқсат етілген жағажайда, ашық және жабық бассейіндерде тағы басқа жерлерде) қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алдын алу шараларына сәйкес жоспарлы жұмыстар жүргізілсін.

- оқушылар мен әр білім алушының ата-аналары арасында суға шомылу және лагерь кезіндегі жеке басының қауіпсіздігін сақтау шаралары туралы түсіндірме жұмыстар 2025 жылғы 25 мамыр айына дейін жүргізілсін;

- аз қамтылған және отбасы төмен жанұялардың балаларының бассейіндерге (мектеп және Оқушылар сарайларындағы) тегін қамтамасыз етілуін, сонымен қатар суға шомылу кезіндегі жүзуді үйренудің теориялық ережелерін қатаң сақтау әлеуметтік педагог Н.Б. Беккелдіге жүктелсін;

- суға шомылу кезіндегі адам өміріне қауіп келтіретін оқыс оқиғалардан сақтанудың алдын-алу шараларын өткізу, ата-аналармен оқушыларға, жаднама таратылып, Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерімен кездесулер, бинероликтер көрсетіліп, онлайн форматта түсіндірме жұмыстары жүргізілу директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Б.М. Хасеноваға жүктелсін;

- Төтенше жағдайлар департаментінің ұсынған, хабарланған, мағлұматтарын оқушыларға жеткізу сынып жетекшілеріне жүктелсін;

- жаз айындағы оқушылардың өмір қауіпсіздігіне тікелей жауаптылық ата-аналарына жүктелсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.



О. Шаханов